

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: Қарой жалпы білім беретін мектебі

Топ: «Күншуақ» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2023жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері					Жұма 01.09.2023ж
Балаларды қабылдау					Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру					Ата-аналарды жаңа оқуы жылымен құттықтау
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					«Біз суретшіміз» Міндеті: қоршаған әлемнің сұлулығына эмоционалды реакцияны дамыту сурет салу
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер					Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету
					Менің қоршаған орта бағытында балаларға

				топтың бөлмелерін аралату. Топтағы заттардың атауын атап, таныстыру. қоршаған ортамен таныстыру Кітап орталығына келу, суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Суретте кімдерді көріп тұрсындар? - біздің балабақшаның аты қандай білесіндер ме?тобымыздың аты ше?Суреттерді көріп бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуді дамыту Сөйлеуді дамыту Ойыншықтарды топтастыру, санау және олардың біреуін бөліп көрсету. Түсіне және пішініне қарай бөлу. Математика негіздері Құрастыру заттарынан ойыншықтарға кереует немесе таңдауы бойынша орындықтар құрастыру Құрастыру
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.			
Серуен				

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					Балаларға балабақшаға келетін жолдарды көрсетіп жолдың суретін салуды үйрету Сурет салу Ермексазdan топтағы үлкен доптың мүсінін жасауды үйрету. Мүсіндеу Фланелеграф - жабысатын тақта бетінде ұсынылған үлгі ойыншық жанына ұксас ойыншықтарды тауып жапсыруды үйрету .Салыстыру қабылетін дамыту Жапсыру
Балалармен жеке жұмыс					Білім күні,оқу құралдарын сұрау
Балалардың үйге қайтуы					Сәтті демалыс тілеу

Тәрбиеші:Ә.Б.Шүленбай

Тексерілді: 

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы**

Мектепке дейінгі ұйым: Қарой жалпы білім беретін мектебі

Топ: «Күншуақ» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2023жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 04.09.2023ж	Сейсенбі 05.09.2023ж	Сәрсенбі 06.09.2023ж	Бейсенбі 07.09.2023ж	Жұма 08.09.2023ж
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу	Достар әнімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыка тыңдау шаттану. Дид ойын: «Бұл не?» Міндеті топ бөлмесімендегі заттарды атау Сөйлеуді дамыту	Фотосуреттер қарастыру «Менің досым» Міндеті сөздік қорын дамыту Коммуникативтік дағдылар.	Дидактикалық ойын: Дәл сондай пішінді тап. Міндеті пішіндерді ажырата алу қабілеттерін дамыту Танымдық дағдылар	Саусақ ойыны «Сәбіз» Міндеті бір затты екінші затпен беттестіру. Танымдық дағдылар	Үстел үсті ойыны – пазл: «досымның суреті» Міндеті өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру Құрастыру әрекеті
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін	Біртекгі заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды	Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру Құрастыру	Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру Сурет салу	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету Көркем әдебиет

	дамыту. Қоршаған ортамен танысу	салыстыру;бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Математика негіздері			
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.	Музыка Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.	Дене шынықтыру Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;	Музыка Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тілі ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету	Дене шынықтыру Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;
	Менің отбасым тақырыбында суретпен жұмыс (Сөйлеуді дамыту) О дыбысын внық созып айтқызу Қазақ тілі Дидактикалық ойын«Анамыздың себетін толтырайық» Максаты: Заттардың көлеміне байланысты (үлкен – кіші, көп	Отбасы суретін көрсету. Суретте не бейнеленген? -Суреттегі отбасы мүшелерін атуын? - Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы	Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суре	Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) «Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан	Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау. «Анаға сыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету(сөйлеуді

	– аз) салыстырады. (Математика негіздері) «Аңсардың жанұясы» (суретке қарап әңгімелеу) Мақсаты: Дұрыс сөздерді айтады. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының қарапайым тәсілдерін қолданады.(Қоршаған ортамен таныстыру)	әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. (сөйлеуді дамыту) «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. (көркем әдебиет)	тін салғызу, ермек саздан әже ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. (құрастыру)	арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. (мүсіндеу) Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды менгерту. (құрастыру)	і дамыту) Өз қолдарымен сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. (сурет салу) Ермексазdan торт жасауды менгерту (мүсіндеу). Қағаздан жасалған гүл себетіне ұсақ гүлдерді жапсыруды үйрету. (жапсыру)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дид ойын: «Әжеме арналған орамал» Мақсаты: Ою -өрнектерді жазықтыққа орналастырып салады, құастырады, жабыстырады (Сурет салу,жапсыру,құрастыру)	Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. (Мүсіндеу) Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» (математика негіздері) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер	Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. (көркем әдебиет, музыка) ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. (Математика негіздері) Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер	Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру,қарандашты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер	Өндер мен тақпақтар және билерді қайталау. (көркем әдебиет, музыка) Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Міндеті:сөздерді дұрыс айтуды үйрету	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: Өлең, тақпақтар жаттату	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: Балалармен қарым -қатынаста болуын дағдыландыру	Жеке баламен жұмыс: Міндеті Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: «Менің балабақшам» тақырыбына қолдан жасалған бұйымдардан, суреттерден

Тәрбиеші: Ө.Б.Шүленбай

Тексерілді: *Жүзүл*

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: Қарой жалпы білім беретін мектебі

Топ: «Күншуақ» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2023жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.09.2023ж	Сейсенбі 12.09.2023ж	Сәрсенбі 13.09.2023ж	Бейсенбі 14.09.2023ж	Жұма 15.09.2023ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Достарым әнімен қарсы алу	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дид ойын: «Қимылын көрсет» Міндеті: Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау; Физикалық қасиеттерді дамыту	Дидактикалық ойын: «Не артық?» Міндеті: сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру Коммуникативтік дағдылар	Дтд ойын: Міндеті «Айырмашылығын тап» Міндеті Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Танымдық дағдылар	Дид ойын: «Түрлі-түсті заттар» Міндеті Шама ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Танымдық дағдылар	Еркін ойын Баланың қалауы бойынша Міндеті дербес іс әрекеттерді жасау дағдысын дамыту Дербес іс-әрекеттер
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету Қазақ тілі	Тілдің грамматикалық құрылымы -сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, Байланыстырып сөйлеу: -суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат	Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру Жапсыру	Нан қоқымын шашпағдар Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып кастерлеп Торғайларға тастандар.. Көркем әдебиет

		нысандарын бақылау Сөйлеуді дамыту	жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу		
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.	Музыка Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.	Дене шынықтыру Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірімен, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;	Музыка Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тілі ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету	Дене шынықтыру Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;
	Табиғи материалдармен ойыншық жасату(жаңғақтармен) мүсіндеу. Мүсіндеу Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру. Карточкалармен жеке жұмыстарды орындату. Дидактикалық ойын «Артық пішінді тап» математика негіздері	«Маша мен аю» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. көркем әдебиет, музыка Көліктерді сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. Математика негіздері	Үй жануарлары мен жабайы жануарлар бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру. сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет «Артығын тап» Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету	Әндер мен такпақтар және билерді қайталату. көркем әдебиет, музыка Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. құрастыру Еркін іс әрекеттер	Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. сурет салу, мүсіндеу, жапсыру Еркін іс әрекеттер

	Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер		Математика негіздері		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ойыншықтар қайдан келеді? Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді үйрету. сөйлеуді дамыту Сылдырмақ Өзінше бір жыр жырлап, Отыр інім былдырлап. Әрі ойыншық, әрі аспап Қолында бар сылдырмақ. <i>К. Ыбрайұлы</i> Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. көркем әдебиет Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу даңдыларын жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. құрастыру Дәстүрден тыс әдіспен ойыншықтар бейнесін бояту	Көлік құралдары ойыншықтарымен таныстыру. Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету. «Артығын тап» (әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен жұмыс жасату сөйлеуді дамыту Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. сурет салу, мүсіндеу, жапсыру	Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының суретін салу және жапсыру, мүсіндеу жұмыстарын орындату Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу. сөйлеуді дамыту	«Менің қуаршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету сөйлеуді дамыту Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексازдан сөмке, әшекей заттар жасауды менгерту сурет салу, мүсіндеу.	«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау. Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржынана алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

	сурет салу				
Балалармен жеке жұмыс	1. Шектеулі тірек аймағында жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауға жаттығу. 2. Секіру кезінде аяқты жартылай бүгіп түсу қабілетін дамыту Физикалық дағды	«Сипаттама бойынша тап» Міндеті: зат белгілерін ажырата білуге тәрбиелеу; байқағыштықты дамыту; «Күз» тақырыбы бойынша сөздік қорын байыту Коммуникативтік дағды	«Бакта ма, әлде бақшада ма...» Міндеті: жіктеу дағдысын дамыту; заттардың ретін зерттеуге көмектесу. сөйлеуді дамыту	«Күлшекыз ойындары» Міндеті: ұсақ моториканы дамыту; форманы қабылдауды жетілдіру Шығармашылық дағдылар	«Сикырлы таяқша» Міндеті: ересектермен және құрдастарымен сүйіспеншілікке тәрбиелеу Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар
Балалардың үйге қайтуы	Қазақ тіліндегі сөздерді зерделеу бойынша ұсыныстар беру	Режим бойынша өмір сүру» ауызша журнал	«Баланы тәрбиелеудегі отбасының рөлі» ата-ана бұрышындағы кеңес	Ас атасы – нан» балалар-ата-аналар жобасы. Міндеті : нан туралы білімді жүйелеуде білім беру қатынастарына қатысушы ретінде ата-ананың қызметін жандандыру. Жоба балалардың назарын дастарханымызда қандай жағдайда пайда болатынына аударуға, нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеуге арналған. 3-4 жастағы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту тақырыбы бойынша ата-аналардың өтініштері бойынша жеке консультациялар	Сәтті демалыс тілеу

Тәрбиеші: Ә.Б.Шүленбай

Тексерінді: 

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы**

Мектепке дейінгі ұйым: Қарой жалпы білім беретін мектебі

Топ: «Күншуақ» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезені: қыркүйек айы 2023жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 18.09.2023ж	Сейсенбі 19.09.2023ж	Сәрсенбі 20.09.2023ж	Бейсенбі 21.09.2023ж	Жұма 22.09.2023ж
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүр туралы жеке әңгіме, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру. «Жақсы көңіл-күй» ойынмен қабылдау	Сықырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың денсаулығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. «Баланың шкафында не болуы керек?» кеңес беру	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Өсімдікті ата» дидактикалық ойыныМіндеті: допты жүргізушіге лақтыру кезінде өсімдіктерді тез атауға үйрету (физикалық даму, қоршаған ортамен танысу)	Бензинді сүт сияқты ішеді. Алысқа жүгіре алады. Тауарлар мен адамдарды тасымалдайды. Сіз оны білесіз, әрине. (Көлік) Көшелермен шағын үйлер өтеді. Ересектер мен балаларды қала бойына апарады. (Автобус) Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағдылар	«Күз мезгілі» Міндеті әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден құрастыруға үйрету Суреттер құрастыру Құрастыру әрекеті	«Біз суретшіміз»Міндеті: қоршаған әлемнің сұлулығына эмоционалды реакцияны дамыту Сурет салу	«Бүтін және бір бөлігі» Міндеті: тұтас жеміс пен оның бір бөлігін бейнелейтін жұп суреттерді таңдау қабілетін қалыптастыру; ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту математика

					негіздері
Танертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған танертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Не қайда жасырынғанын тап?» ойын жаттығуы Міндеті: кеңістіктегі бағдарлау математика негіздері	«Сипаттама бойынша тап» дидактикалық ойыны Міндеті: сөйлеуді тыңдау және түсіну қабілетін қалыптастыру, қарапайым сұраққа жауап беру: мынау не? қандай? Сөз тіркестерін (зат есім мен сын есім, сан және зат есім) құруды үйренуді жалғастыру. Қазақ тілінің ерекше дыбыстарын тыңдау және айту (қ,ө,ү,і) қазақ тілі	Е. Трутневтің «Астық, егін!», В. Коркиннің «Біздің жиекте не өседі?» өлеңдерін оқу Міндеті: балаларды көкөністермен, бақшамен таныстыруды жалғастыру; мұқият тыңдай білу, мазмұны бойынша әңгімеге қатыстыру. көркем әдебиет	«Пайдалы өнімдер» дидактикалық ойыны Міндеті: балаларға тағамның пайдасы туралы білім беру Сөйлеуді дамыту	«Біздің сүйікті ісіміз» әңгімелесу Міндеті: ерекше жағдайдың көмегімен балаларды әңгімеге тарту, өз ойларын білдіруге көмектесу қоршаған ортамен танысу
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.	Музыка Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың	Дене шынықтыру Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірімен, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты	Музыка Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тілі ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету	Дене шынықтыру Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене

	сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.	өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;		жаттығуларын орындау;
Кітаптар орталығында қыс мезгілі бейнелеген кітаптарды көрсету. Қыс мезгілі туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Ауылға саяхатқа баруды ұсыну. Балабақшаның ішінде үлкен көлемді жануарларды тамашалау. Олардың қысқы өмірі туралы сұрау. Олар дала да тұрады, жаурайды ма, жаурамай ма? Олар тонып қалмас үшін не істейміз деп әңгәмеге тарту «Қошаканым» әнін айтқызу. сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка	«Бала бала балапан» әнін айтқызу. би қымылдарын жасату. Балапан туралы не білетінін сұрау. сөйлеуді дамыту «Құс қанат» оюын таныстыру, қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту. сурет салу Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап балапан құрастыруға көмектесу құрастыру	«Қай ертегіден» дидактикалық ойыны арқылы суреттерді көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Ертегілерде қыс бейнесі қалай бейнелегенін суреттерден көрсету. көркем әдебиет Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру, санату математика негіздері Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату. сурет салу, мүсіндеу жапсыру	Терезеден көліктерді көрсету, дауыстарын салу. Кімнің үйінде көлік бар. Олар қалай қысқа дайындалады. Дөңгелектерін қалай ауыстырады. Диалог құруды үйрету. көркем әдебиет Әр түрлі көлемде ермексаздан дөңгелектер жасату. Оларды салыстыру, санату, (математика негіздері және мүсіндеу) Көліктерге

					арнап гараж құрастырғызу (құрастыру)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киімін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. Жыл мезгілдерін санау, табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату. математика негіздері Балалардың таңдауы бойынша қарды ермексазdan жасату. Фланелеграфқа мақтадан жасалған қар ұлпаларын жапсырту. мүсіндеу, жапсыру Табиғи материалдардан үй құстарына үйшік құрастырту. құрастыру	Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту Математика негіздері Құрастырмалы ойыншықтардан төрт түлікке қора құрастырту Құрастыру Фланелеграфта төрт түлікті төлдерімен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау Жапсыру	Торғай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту (үлкен, кіші) Математика негіздері «Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеуді орындату. Мүсіндеу	«Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-к, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. сөйлеуді дамыту	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. сөйлеуді дамыту Балалардың таңдауы бойынша көлік түрлерінің суретін салып, дайын дөңгелектерді көліктерге жапсыру жұмыстарын орындату сурет салу, мүсіндеу, жапсыру
Балалармен жеке жұмыс	«Қимылды есте сақта» Міндеті: көрсетілген қимылды	«Ертегі кейіпкерін біл» Міндеті : кейіпкерді	«Кім қайда ұйықтайды» Міндеті : ақыл-ой	«Саусақтармен сурет салу»	«Зат және әрекет» Міндеті: балалардың

	түсіну, есте сақтау және көбейту қабілетін дамыту; қол-көз жадын, зейінді дамыту Физикалық дағдылар	аталған белгі бойынша анықтау Қарым-қатынас дағдылары	қабілетін, негізгі геометриялық фигура туралы түсінігін дамыту; түс атауын бекіту; үлгі бойынша тандау Танымдық және зияткерлік дағдылар әрекетін қалыптастыру	Міндеті: ұсак моториканы дамыту; түстерді зерттеуге көмектесу Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі	заттың қасиеті туралы білімін бекіту; олардың сөздік қорын байытуға және кеңейтуге ықпал ету Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі жолда жүрі ережелері.	Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру

Тәрбиеші: Ә.Б.Шүленбай

Тексерінді 

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы**

Мектепке дейінгі ұйым: Қарой жалпы білім беретін мектебі

Топ: «Күншуақ» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2023жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 25.09.2023ж	Сейсенбі 26.09.2023ж	Сәрсенбі 27.09.2023ж	Бейсенбі 28.09.2023ж	Жұма 29.09.2023ж
Балаларды қабылдау	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдыратып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дид ойын:«Менің отбасым» әңгімелесу. Міндеті: Өз отбасы туралы айтып береді. Коммуникативтік дағдылар	Дид ойын: «Дыбысынан таны» Міндеті: Есту қабілеттерін дамытады. Тілдік қарым -қатынас мәдениетін дұрыс қолданады. Шығармашылық дағдылар	Дид ойын: «Сәйкестендіріп жина» ойыны Міндеті: доптарды түстеріне сәйкес қораптарға жинай алады. Танымдық дағдылар	Дид ойын: «Пирамида жинау» ойыны Міндеті: көлеміне қарай жинап құрастырады Танымдық дағдылар	Дид ойын: «Бөліктерді құрастыр» ойыны Міндеті: киынды суреттерден бағдаршамды құрастырады Құрастыру әрекеті.
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Адам еңбегі» презентациясын қарауМіндеті: балаларды Адам еңбегімен таныстыру; балаларға еңбек өте маңызды екенін, бір-бірімізге көмектесуіміз керек екенін	«Кімге онсыз оларсыз болмайды?»Міндеті: балалардың әртүрлі кәсіптердегі адамдарға қажетті материалдар, құралдар мен	«Күзгі орманда» Міндеті: карама-қарсы сипаттағы аспаптық пьесаларды тыңдауға үйрету. Ән айту:	Психогимнастика «Бағбан» жаттығуы Міндеті: қиялды, қимылдардың мәнерлілігін	«Жұмысты таңдау» дидактикалық ойыныМіндеті: балаларға еңбегі бақылау

	көрсету қоршаған ортамен танысу	жабдықтар туралы білімдерін бекіту; кәсіптердің атауын қазақ тілінде оқыту қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі	аспаптың сүйемелдеуімен ересек адаммен бірге ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыка	дамыту физикалық дағды	саласында болмаған адамдардың кәсіптері туралы қарапайым түсініктер беру; кез келген кәсіптегі адамдардың еңбегіне қызығушылық тудыру; кәсіптердің атауын қазақ тілінде бекіту сөйлеуді дамыту, қазақ тілі
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.	Музыка Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.	Дене шынықтыру Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша",	Музыка Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ тілі ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету	Дене шынықтыру Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау;

		заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру;		
Балаларға келген хаты көрсету. Ашып хатта суреттерді алып көрсету. Бұл қандай жеміс немесе көкөніс танысындар ма? деп сұрау. Әр балаға бір сурет алып атауға беру. Ол атауларда дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-к, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айтқызу арқылы дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Сөйлеуді дамыту Иісім жұпар аңқыған, Бақшадағы шырынмын. Жеп көргендертамсанған – Балдай тәтті қауынмын. Көркем әдебиет	Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. Екі бала арасында доппен ойын. Допты бір біріне берер кезде бір бала жемістерді, ал екіншісі көкөністерді атайды. Барлық баланың ойын ойнауын қамтамасыз ету. Сөйлеуді дамыту Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекеттер жасау. Ыдыстарға жемістер мен көкөністерді салу. Балалардың қалауы бойынша Сурет салу Ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеу. Мүсіндеу	Геометриялық пішіндерді тану (дөңгелек, үш бұрыш, шаршы) және атау. Жемістермен көкөністер қандай пішінге сәйкес келеді. Карточкалармен жұмыс. Математика негіздері Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану арқылы қарапайым құрылыстар құрастыру. Құрастыру	Кітап орталығында кітаптардан жемістермен көкөністердің суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Тіл ұстарту жаттығуын жасау. Із —із —із —бақшадағы сәбіз Ет – ет- ет- алматолы себет. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру дағдыларын жетілдіру. Құрастыру	Балаларға топтағы жеміс пен көкөніс макет ойыншығымен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б. сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Апта бойы жаттаған такпақ пен тіл ұстарту жаттығуын қайталап айтқызу. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет Балалардың қалауы бойынша сурет салу немесе

					ермексазбен еркін шығармашыл ықжұмыстар ұйымда стыру. Сурет салу Мүсінд еу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Көкөністер мен жемістерді себеттергесалу. бірдей заттарды салыстыру бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру Математика негіздері Сазбалшық, камыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу. Ұжымдық жұмыс жүзім. Балалар бір бірден жасап, сабағына жинап, жүзім сабағын жасау. Мүсіндеу Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Жапсыру	Жемістер мен көкөністер туралы видео материал көрсету. Тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету Көркем әдебиет бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. Қоршаған ортамен таныстыру	Жалпы белгілері бойынша жемістер мен көкөністерді топтастыру. тақпақты мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету. Иісім жұпар аңқыған, Бакшадағы шырынмын. Жеп көргендер тамсанған – Балдай тәтті қауынмын. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқынты түрде жағып алуды үйрету арқылы жемістерді жапсыру. Жапсыру	дөңгелек пішінді жемістердің суретін салу Сурет салу көңілді музыкаға, еркінби қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру музыка	Алдын ала даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; үлкен және кішкентай көкөністерді жапсыру. Жапсыру Құрастыру заттарынан ағаштармен жемістер құрастыру Құрастыру
Балалармен жеке жұмыс	Күз мезгілінің белгілерін үйрету	Күз айларын атауға үйрету	Күзгі киім үлгілерін білуге үйрету	Күз мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру	Күз мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бачндауға үйрету
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын тандау; серуенде балаларды әрекет				

етуге ынталандыру.

Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме

Тәрбиеші: Ө.Б.Шүленбай

Тексерілді: 

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы**

Мектепке дейінгі ұйым: Қарой жалпы білім беретін мектебі

Топ: «Күншуақ» шағын орталығы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2023 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 02.10.2023	Сейсенбі 03.10.2023	Сәрсенбі 04.10.2023	Бейсенбі 05.10.2023	Жұма 06.10.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйінді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кенес, әңгімелесу	Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киім кию қажеттілігі туралы әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар. Өнер орталығында сурет салу, бояу, суретті кітапшаларды бояу, қарау. Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Сөрелерге ойыншықтарды жинау. Балалармен жеке жұмыс.				
	«Ойын алаңы» Міндеттері: Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар.	«Ойын мен ойын» Міндеттері: жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. Екі бала арасында доппен ойын. Допты бір біріне берер кезде бір бала жемістерді, ал екіншісі көкөністерді атайды. Барлық баланың ойын ойнауын қамтамасыз ету.	«Геометриялық фигуралар» Міндеттері: Пішіндерді тану (дөңгелек, үш бұрыш, шаршы) және атау. Жемістермен көкөністер қандай пішінге сәйкес келеді. Корточкалармен жұмыс. (Математика негіздері)	«Ойын алаңы» Міндеттері: Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша және ойдан құрастыру дағдыларын жетілдіру. (Құрастыру)	«Жеміс пен көкөніс» Міндеттері: Балаларға топтағы жеміс пен көкөніс макет ойыншығымен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б сөйлеуде зат есімдерді

		(Сөйлеуді дамыту)			жекеше, көпше түрде қолдану. Апта бойы жаттаған тақпақ пен тіл ұстарту жаттығуын қайталап айтқызу. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша сурет салу немесе ермексазбен еркін шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру. (Сурет салу) (Мүсіндеу)
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер. Сендерді осындай әдемі, мейірімді, жақсы көңіл-күймен көргеніме өте қуаныштымын! Бұл күнді біз бірге өткіземіз. Бүгінгі күн сендерге қуаныш пен көптеген жаңа қызықты әсерлер әкелсін. Бір-бірімізді қуантайық! деп «Өз көңіл-күйіңді туралы айт» жаттығу жасату Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату.				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Қазақ тілі «Отбасы»: Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, әпке, мен, сен, ол. Қазақ тілінде сөйлеу, сөздік қорына сөздер қосу. Міндеттері: Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. (таңғы жаттығулар қайталанады) Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүру. Жүгіру. Алаңның бір жағынан екінші жағына,	Музыка	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүру. Жүгіру. Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Жүру. Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүру. Жүгіру. Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі

	катынас жасауына жағдай жасау.	әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру; <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> Еденге қойылған тактай бойымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; <i>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</i> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру Кимылды ойын: Поезд	жүгіру; <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> Еденге қойылған тактай бойымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; <i>Домалату, лақтыру, қағып алу.</i> он және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) Кимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр» Спортық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру	бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру; <i>Домалату, лақтыру, қағып алу.</i> он және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) <i>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</i> Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру Кимылды ойын: «Күміс алу»
	«Жеміс пен көкөніс» Міндеттері: Балаларға келген хаты көрсету. Ашып хатта суреттерді алып көрсету. Бұл қандай жеміс немесе көкөніс танысындар ма? деп сұрау Әр балаға бір сурет алып атауға беру. Ол атауларда дауысты (а, э, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айтқызу арқылы дыбыстардың артикуляциясын	«Жеміс пен көкөніс» Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекеттер жасау. Ыдыстарға жемістер мен көкөністерді салу. Балалардың қалауы бойынша (Сурет салу) Ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеу. (Мүсіндеу)	«Жеміс пен көкөніс» бағы» Міндеттері: Пластиналарды тіккітаптардан жемістер бағытта және көлденеңмен көкөністердің суреттерді көрсетіп пайдалану арқылы сұрақтар қою. қарапайым құрылыстар құрастыру. (Құрастыру)	«Жеміс пен көкөніс» Міндеттері: Кітап орталығында кітаптардан жемістер мен көкөністердің суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Тіл ұстарту жаттығуын жасау. Із –із –із –бақшадағы сәбіз Ет – ет- ет- алма толы себет. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)

